



Автор: Шниязова Гулдариға Муратбековна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау

Тақырып: Көмектес септігі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.4.2.3 – зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Сөйлемнен көмектес септік жалғаулы сөздерді таба алады. Көптеген оқушылар: Өз пікірін дәлелдей алады. Кейбір оқушылар: Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Тілдік мақсаттар:	Өз пікірін дәлелдеп айтып бере алады.
Күтілетін нәтиже:	Көмектес септігінің сұрақтарын ажыратады.
Бағалау критерийлері:	Көмектес септігінің жалғауларын біледі.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электронды тапсырмалар.
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану
Бастапқы білім:	Шығыс септігі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық дайындық Күн жарығын алақанға саламын, Жүрегіме басып ұстай қаламын. Ізгі әрі нәзік, жарық, мейірімді, Болып кетер сонда дереу жан - жағым. - Міне, жүрегіміздегі осындай жылумен сабағымызды бастаймыз Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке,жұпта,топта, ұжымда) Шұғыл SMS (хабарландыру)...» әдісі. 1)Қазақ тілінде неше септік бар? 2) Ілік септіктің сұрақтарын ата? 3) Барыс септіктегі сөздер сөйлемнің қай мүшесі болады? 4) Жатыс септік жалғауларын ата 5) Шығыс септіктегі зат есімдер қандай сұрақтарға жауап береді? 6) Шығыс септік жалғауларын атаңдар? Жұмбақ шешу Кенжесімін бүгінде Кіммен, немен жүремін -мен,-бен,-пен жалғауы Осы болды таңдауым -Балалар бұл қай септік туралы айтылып тұр? -Көмектес септік -Бүгін біз көмектес септік туралы өтеміз. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	Көңілді әуен қосып қою Мақал-мәтел жазылған қима қағаздар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	68-жаттығу. (Ұ; Т) Жұмбақты оқып, шешуін табу. Қарамен жазылған сөзге сұрақ қою арқылы олардың қай септікте тұрғанын анықтау. ҚБ: (мадақтау, қолдау сөздер айту); Жаңа ақпарат. Көмектес септіктегі зат есімдер кіммен? немен? кімдермен? нелермен? деген сұрақтарға жауап береді. Көмектес септігі атау септіктегі сөзге -мен, -бен, -пен жалғаулары жалғану арқылы жасалады. Бұл жалғауларды көмектес септік жалғаулары деп атайды. 69-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазу.(ЖЖ) Сөйлем мүшесіне талдау. Дескриптор: Бір-біріне түсіндіре отырып, сөйлем мүшесіне талдайды. Көмектес септіктегі сөздер сөйлемнің қандай мүшесі болып тұрғанын анықтайды. ҚБ:Бір-бірінің қатесін тауып, түзетіп, орындалған жұмысты өзара бағалайды. 70-жаттығу. (Ө) Мәтінді түсініп оқу. Оқулықта берілген мәтінді оқып, оған ат қою.Кесте бойынша көмектес септігі туралы ой қорыту. ҚБ:Берілген сөздерге көмектес септік жалғауының әртүрлі жалғану себебін түсіндір ҚБ: оқушылардың жауаптарына, іс-әрекеттеріне бақылау жүргізіп, белгілеп алу арқылы бағалау; 71-жаттығу. (Ө) Өлеңді көшіріп жазу. Дескриптор: Ұйқасына лайық сөзді қойып, өлеңді қатесіз көшіріп жазады. Шығыс, көмектес септіктегі сөздерді табады. Көмектес септіктегі сөзді сөз құрамына талдай алады ҚБ: мұғалімнің жазбаша кері байланысы;. ҚБ: «Бас бармақ әдісі» әдісі арқылы Оқушылар бір-бірінің өзіндік жұмысын тыңдап, бас бармақ смайликтерімен бағалайды. «Жасыл» түс – негізгі ойды түсініп, мазмұнын толық ашқан. «Сары» түс – мазмұнын ашқан. Әңгіме жүйелі құрылмаған. «Қызыл» түс – мазмұнын толық ашпаған. Тақырыптан ауытқыған.	Оқулықпен жұмыс №3 дәптермен жұмыс
Сабақтың соңы	«Баскетбол» ойыны арқылы көмектес септік туралы білімдерін бекіту. көмектес септікте тұрған сөздерге допты лақтыру	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату
Рефлексия	Рефлексия «Көбелекті гүлге қондыр» әдісі. Үйге тапсырма: 73-жаттығу. (Т) Жағдаяттан шығу. Берілген жағдаятты мұқият оқып, мазмұнын талқылау	Тиімді кері байланыс орнату